

Мемлекеттік еңбек инспекторы актілерінің нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі N 292-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 20 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5826 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 904 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 № 904 (01.01.2016 бастап қоланысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 333-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:
1) мынадай:

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын жою туралы ұйғарым (1-қосымша);

жарақаттану қаупі бар және апат жағдайлардың туындауына жол бермеу үшін өндірістік нысандар мен жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жүргізу туралы ұйғарым (2-қосымша);

жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының пайдаланылуына және тұтастай ұйымның қызметіне тыйым салу (тоқтата тұру) туралы ұйғарым (3-қосымша);

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (4-қосымша);
әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы (5-қосымша);
4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулы (6-қосымша) нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті аумақтық органдарының басшылары мемлекеттік еңбек инспекторларын бекітілген мемлекеттік еңбек инспекторы актілерінің нысандарымен таныстырсын және олардың мүлтіксіз орындалуы жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры (А.Ә. Сарбасов) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың

белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Г. Әбдіқалықова*
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2009 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 292 - ө бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге _____
(Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса), лауазымы)

_____ (ұйымның атауы, ұйымның мекенжайы)

**Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы талаптарының
бұзушылықтарын жою туралы
НҰСҚАМА № _____
20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 330-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мынадай бұзушылықтарын жоюға нұсқама беремін:

Р/с №	Анықталған бұзушылықтар (нормативтік құқықтық актінің бабы немесе тармағы көрсетілуге тиіс) және оларды жою жөніндегі талаптар	Орындалу мерзімі	Ескертпе

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 332-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес 20 жылғы «__» _____ дейінгі мерзімге

нұсқаманың орындалуы туралы жазбаша ақпарат мына мекенжайға: _____ берілсін.

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Нұсқаманы алдым _____
(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің
аты (ол бар болса))

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2009 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 292 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге _____
(Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса), лауазымы)

_____ (ұйымның атауы, ұйымның мекенжайы)

**Жарақаттану қаупі бар және авариялық жағдайлардың туындауына жол бермеу үшін өндірістік объектілер мен жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі профилактикалық жұмыстарды жүргізу туралы НҰСҚАМА № _____
20__ жылғы «__» _____**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 333-бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мынадай бұзушылықтарын жоюға нұсқама беремін:

Р/с №	Анықталған бұзушылықтар (нормативтік құқықтық актінің бабы немесе тармағы көрсетілуге тиіс) және оларды жою жөніндегі талаптар	Орындалу мерзімі	Ескертпе

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 332-бабы 2-тармағының
4) тармақшасына сәйкес 20 жылғы «__» _____ дейінгі мерзімге
нұсқаманың орындалуы туралы жазбаша ақпарат мына мекенжайға:
_____ берілсін.

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Нұсқаманы алдым _____
(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2009 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 292 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кімге _____
(Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса), лауазымы)

_____ (ұйымның атауы, ұйымның мекенжайы)

**Жекелеген өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындары
мен жабдықтарды және ұйымның жалпылама қызметін пайдалануға
тыйым салу (тоқтата тұру) туралы
НҰСҚАМА**

20__ жылғы «__» _____ № _____
Қызметі тоқтатылатын адам туралы мәліметтер:
жеке не лауазымды тұлға, не жеке кәсіпкер _____
(керегінің асты сызылсын)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

жеке кәсіпкердің

_____ мемлекеттік тіркеу куәлігінің № және берілген күні
туған күні _____
тұрғылықты жері _____

_____ жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі

_____ тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер
Жұмыс орны, атқаратын лауазымы, ұйымның мекенжайы _____

_____ Заңды тұлға _____
басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бір болса), атауы

_____ ұйымдық-құқықтық нысаны

_____ орналасқан жері

_____ заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу нөмірі және күні

_____ бизнес-сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері
қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі _____
Мен, (Бас) мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(керегінің асты сызылсын) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

_____ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге
асыру кезінде мыналарды анықтадым: _____
_____ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы

_____ нормативтік құқықтық актілердің бұзылған тармақтары, баптарының
талаптарын көрсету керек

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 330-бабы 5) тармақшасының және
«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (

бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 801-бабының негізінде НҰСҚАМА БЕРЕМІН:
Ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс
орындарының қызметін және жабдықтарды, механизмдерді пайдалануды сот

шешімі шыққанға дейін 20__ жылғы «__» _____ бастап тоқтата тұрсын

(тоқтатыла тұратын қызметтің, жекелеген өндірістердің,

цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының және түрін жабдықтарды,

механизмдерді пайдалануды көрсету керек)

Осы нұсқаманың орындалуына жауапкершілік жүктеледі

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 333-бабы 3-тармағына сәйкес лауазымды, жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік еңбек инспекторының актілерін орындауға міндетті.

М. О. (Бас) Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(керегінің асты сызылсын) _____ тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса), қолы

Нұсқаманы алды _____
(атқаратын лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), алған күні)

Нұсқама _____ данада жасалды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және х а л ы қ т ы ә л е у м е т т і к
қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 2 9 2 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
4-қосымша

Нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

ХАТТАМА № _____

20__ жылғы «__» _____
(жасалған күні, орны және уақыты)

Мен, (Бас) мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(керегінің асты сызылсын) (хаттаманы жасаған адамның тегі және аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 330-бабы 3) тармақшасына және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 803-бабына сәйкес осы хаттаманы ж а с а д ы м .

_____ (жұмыс берушінің атауы, мекенжайы

_____ және деректемелері)

қызметін тексеру кезінде мыналар анықталды: _____
(орны, тексеру уақыты және

_____ әкімшілік құқық бұзушылықты тексеруді жүзеге асыру барысында

_____ белгіленген бұзушылықтардың мәні)
бұл ҚР ӘҚБтК-ні бұзушылық болып табылады және ҚР ӘҚБтК-нің _____ (баптары мен тармақтары) сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Егер бар болса, куәгерлердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), _____ м е к е н ж а й ы :

_____ (ҚР ӘҚБтК-нің 754-бабына сәйкес)

Метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, күні, егер әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және тіркеу кезінде техникалық құрал пайдаланылса о н ы ң _____ к ө р с е т к і ш т е р і

_____ ҚР ӘҚБтК-нің 738-бабы негізінде іс жүргізу тілін _____ деп а й қ ы н д а й м ы н .

_____ Жол берілген құқық бұзушылықтар үшін

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, жұмыс орны, телефонның, факстың, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және (немесе) электрондық м е к е н ж а й ы _____ (егер _____ бар _____ болса) _____ жауапты болып табылады.

Жол берілген құқық бұзушылықтар үшін жауапты адамның түсініктемесі

(ҚР ӘҚБтК-нің 744-бабына сәйкес)

(қолы)

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің
аты (ол бар болса))

Хаттаманың бір данасын алдым,
құқықтарыммен және міндеттеріммен

таныстым

_____ (Әкімшілік құқық бұзушылықты (Тегі, аты, әкесінің
жасаған адамның қолы) аты (ол бар болса))

Куәгерлер _____
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің
аты, (ол бар болса))

Әкімшілік істің қаралған күні, орны және уақыты туралы хабардар
етілдім: _____

738-бап. Іс жүргізу тілі

1. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) сот ісін жүргізу тілін өзгерту қажет болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

3. Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде мәлімдемелер жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде сөз сөйлеу, ҚР ӘҚБтК-те белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға басқа тілде жазылған, заң бойынша оларға қажетті іс материалдарын іс жүргізу тіліне тегін аударып беру қамтамасыз етіледі.

5. Құқық бұзушы мен жәбірленушіге тапсырылуға жататын процестік құжаттар олардың ана тіліне немесе олар білетін тілге аударылуға тиіс.

6. Аударма бойынша шығыстар және аудармашының көрсеткен қызметтері мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

744-бап. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс бойынша қаулыға шағым жасауға, одан үзінді көшірме алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне ҚР ӘҚБтК-пен берілген өзге де процесік құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның қатысуымен қаралады. Аталған тұлғаға істің қаралатын орны мен уақыты тиісінше хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтінішхат келіп түспеген жағдайларда ғана, іс оның өзі болмаған кезде қ а р а л у ы м ү м к і н .

3. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған не жасалуы әкімшілік қамаққа алу, сондай-ақ шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу немесе адамға берілген арнайы құқықтан (көлік құралдарын басқару құқығын қоспағанда) айыру түріндегі әкімшілік жазаға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның қатысуы міндетті.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде аталған тұлғалар жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуден жалтарған жағдайда, бұл адамға күштеп әкелу қолданылуы мүмкін.

Соттың күштеп әкелу туралы ұйғарымын – сот приставы немесе ішкі істер органы; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын органның (лауазымды адамның) ұйғарымын ішкі істер органы (полиция) орындайды.

5. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан кәмелетке толмаған адам, талқылануы оған теріс әсер етуі мүмкін істің мән-жайларын қарау кезінде шығарыла тұруы мүмкін.

Құқықтарыммен және міндеттерімен таныстым _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2009 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 292 - ө бұйрығына
5-қосымша

Нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 __ жылғы _____

_____ (қаралған күні, орны және уақыты)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша

№ __ ҚАУЛЫ

Мен, (Бас) мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(керегінің асты сызылсын) (қаулы шығарған лауазымды адамның тегі,
а т ы - ж ө н і)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған жылы, айы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі, жұмыс орны, телефонның, факстың, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және (немесе) электрондық мекенжайы (егер бар болса)

_____ қатысты _____ бойынша көзделген әкімшілік
(ҚР ӘҚБтК - нің бабы)

құқық бұзушылық туралы істі қарап, _____
(істі қарау кезінде анықталған жағдайлар)

_____ белгіледім.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 738-бабына сәйкес іс жүргізу тілін _____

_____ деп а й қ ы н д а й м ы н .

Осы айтылғандардың негізінде ҚР ӘҚБтК-нің 693-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын және 821-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік еңбек инспекторы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

(әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты
(о л б а р б о л с а)

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол бергені үшін ҚР
ӘҚБтК-нің _____ бабы бойынша _____ айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
_____ сомада айыппұл салынсын. (_____
сомасы жазбаша)

Айыппұл заңды күшіне енген күнінен бастап _____ күннен
кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитетінің банкіндегі № _____ бюджеттік шотқа енгізілуге тиіс
коды _____ Мемлекеттік кірістер комитеті _____,
бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____
банк бинифициары _____
банктік сәйкестендіру нөмірі (БСК) _____,
айыппұлды төлегені туралы түбіртек айыппұл салған мемлекеттік еңбек
инспекторына _____ ұсынылады.

Қаулыға ҚР ӘҚБтК-нің 830, 832-баптарында көзделген тәртіппен шағым
және наразылық қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап 10 тәулік ішінде
берілуі, ал істі қарауға қатыспаған адам оны алған күннен бастап беруі мүмкін.

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(қолы) _____ (Тегі, аты, әкесінің
аты (ол бар болса))

20__ жылғы «__» _____

Хаттаманың бір данасын алдым,
құқықтарыммен және міндеттеріммен

таныстым _____

(әкімшілік құқық бұзушылық (Тегі, аты, әкесінің
жасаған адамның қолы) аты (ол бар болса))

20__ жылғы «__» _____

**830-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым
жасау, наразылық келтіру құқығы**

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға ҚР ӘҚБтК-тің
744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалар шағым жасауы,
сондай-ақ прокурор наразылық келтіруі мүмкін.

2. Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және
кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот судьясының әкімшілік жаза
қолдану туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым жасалуы, наразылық
келтірілуі мүмкін.

3. ҚР ӘҚБтК-тің 818-бабы екінші бөлігінің тәртібімен судья (сот) шығарған
сотты құрметтемеушілік фактісі туралы іс бойынша қаулыға жоғары тұрған

сатыдағы сотқа шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін. Жоғарғы Сот алқасының сотты құрметтемеушілік фактісі туралы іс бойынша сот отырысында шығарған қаулылары қайта қаралуға жатпайды.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша орган (лауазымды адам) шығарған қаулыға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) немесе органның (лауазымды адамның) орналасқан жері бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотқа шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.

5. ҚР ӘКБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалардың жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгінуі сотқа шағым беру және соттың оны мәні бойынша қарауға және шешуге қабылдауы үшін міндетті шарт болып табылмайды.

832-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жасау, наразылық келтіру мерзімі

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулының көшірмесі тапсырылған күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер ҚР ӘКБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап берілуі мүмкін.

2. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша анықталған, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтық міндеттеменің немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты шығарылған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулының көшірмесі тапсырылған немесе алынған күннен бастап отыз тәулік і ш і н д е б е р і л у і м ү м к і н .

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) шағым жасалса, наразылық келтірілсе, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзім ҚР ӘКБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалардың шағым (наразылық) бойынша шешімнің көшірмелерін алған кезінен бастап есептеледі.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның арызы бойынша шағымды қарауға құқылы сот, орган (лауазымды адам) бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.

Құқықтарыммен және міндеттерімен таныстым _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң

2009 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 292 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
6-қосымша
Нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 22.05.2015 № 381 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы _____

_____ (қаралған күні, орны және уақыты)

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
іс жүргізуді тоқтату туралы
№ __ ҚАУЛЫ**

Мен, (Бас) мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(керегінің асты сызылсын) (қаулы шығарған лауазымды адамның тегі,
а т ы - ж ө н і)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған жылы, айы, күні,
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен
деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі, жұмыс орны, телефонның,
факстың, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және (немесе) электрондық
мекенжайы _____ (егер бұлар болса)
_____ қатысты

_____ бойынша көзделген әкімшілік құқық бұзушылық
(Қ Р Ә Қ Б Т К - н і ң б а б ы)

туралы істі қарап, _____
(істі қарау кезінде анықталған жағдайлар)

_____ белгіледім.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасы
кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБТК) 738-бабына сәйкес іс жүргізу тілін _____
_____ д е п а й қ ы н д а й м ы н .

Осы айтылғандардың негізінде, ҚР ӘҚБТК-нің 693-бабы 3-тармағы 1)
тармақшасын және 821-бабы 1-тармағы 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып
, _____ мемлекеттік еңбек инспекторы
ҚАУЛЫ ЕТТІ: _____

—
(жауаптылыққа тартылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріс тоқтатылсын.

Қаулыға ҚР ӘҚБтК-нің 830, 832-баптарында көзделген тәртіппен шағым және наразылық қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап 10 тәулік ішінде берілуі, ал істі қарауға қатыспаған адам, оны алған күннен бастап дәл сол мерзімде беруі мүмкін.

Мемлекеттік еңбек инспекторы _____
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

20__ жылғы «__» _____

Хаттаманың бір данасын алдым,
құқықтарыммен және міндеттеріммен
таныстым _____
(Әкімшілік құқық бұзушылық (Тегі, аты, әкесінің жасаған адамның қолы) аты, (ол бар болса))

20__ жылғы «__» _____

830-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жасау, наразылық келтіру құқығы

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға ҚР ӘҚБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалар шағым жасауы, сондай-ақ прокурор наразылық келтіруі мүмкін.

2. Мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот және кәметке толмағандардың істері жөніндегі сот судьясының әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.

3. ҚР ӘҚБтК-тің 818-бабы екінші бөлігінің тәртібімен судья (сот) шығарған сотты құрметтемеушілік фактісі туралы іс бойынша қаулыға жоғары тұрған сатыдағы сотқа шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін. Жоғарғы Сот алқасының сотты құрметтемеушілік фактісі туралы іс бойынша сот отырысында шығарған қаулылары қайта қаралуға жатпайды.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша орган (лауазымды адам) шығарған қаулыға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) немесе органның (лауазымды адамның) орналасқан жері бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа және кәметке толмағандардың істері жөніндегі сотқа шағым жасалуы, наразылық келтірілуі мүмкін.

5. ҚР ӘҚБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалардың жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгінуі сотқа шағым беру

және соттың оны мәні бойынша қарауға және шешуге қабылдауы үшін міндетті шарт болып табылмайды.

832-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жасау, наразылық келтіру мерзімі

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулының көшірмесі тапсырылған күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер ҚР ӘКБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап берілуі мүмкін.

2. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша анықталған, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген салықтық міндеттеменің немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты шығарылған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық қаулының көшірмесі тапсырылған немесе алынған күннен бастап отыз тәулік ішінде берілуі мүмкін.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) шағым жасалса, наразылық келтірілсе, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзім ҚР ӘКБтК-тің 744, 745, 746, 747 және 748-баптарында аталған тұлғалардың шағым (наразылық) бойынша шешімнің көшірмелерін алған кезінен бастап есептеледі.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның арызы бойынша шағымды қарауға құқылы сот, орган (лауазымды адам) бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.

Құқықтарыммен және міндеттерімен таныстым _____